

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 наурыз 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ  
РЕСПУБЛИКАНСКОГО СОВЕЩАНИЯ  
«КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ»

30 марта 2016 год





**Асқарбек Құсайынов**  
Қазақстан ПІФА-ның президенті,  
Ресей білім академиясы Салыстырмалы педагогика ғылыми кеңесі  
төрағасының орынбасары, педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор, академик

### «Ұлы Дала Елі» идеясын іске асырудағы ұрпақ тәрбиесі

«Ұлы Дала» ұғымы – баяғыдан бар ұғым» – деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан" телеарнасына берген сұхбатында. «Дешті Қыпшақ деген сөз «қыпшақтың даласы» деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған». Осы орайда мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атап өтіп, жапондар өзін «күншығыс еліміз», қытайлықтар «аспан асты еліміз», көрістер «таңғы шық еліміз» деп санайтындығын мысалға келтірді. «Бізге де сондай ұғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала еліміз» деп айтқан келеді» – деп, ой тұжырымдады Елбасы.

«Заман өтеді, уақыт алға қарай жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Ел жолы!» – деді Қазақстан Президенті 2014 жылы тамыз айында Ұлытау жерінде берген сұхбатында.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізгі мәні – мемлекет құрушы қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани құндылықтары мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология негізінде, өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолында, Қазақтың мәңгі жасайтын ұлттық мемлекетін құру.

Осы жолда білім беру саласының арқалар жүгі мол. Себебі білім беру мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беру саласында кенжелеп қалу елдің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне кері әсер етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдері қатарына 2050 жылға дейін енуі тиіс», – деп атап көрсеткен болатын. Меже дамыған 30 елдің қатарына қосылу болса, онда білім беру саласы да дамыған 30 елдің қатарында болуы керек.

Сіздер оқушылардың білім сапасын бағалау үшін халықаралық зерттеулер жүргізілетін жақсы білесіздер. Біздер 2003, 2006, 2009, 2012 жылдардағы PISA, 2003, 2007, 2011 жылдардағы TIMSS, 2001, 2006 жылдардағы PIRLS зерттеулерінің нәтижелерін алып, салыстырмалы талдау жүргіздік. Осы зерттеулер бойынша 1-5 орындар қызыл түске, 6-10 орындар қызғылт сары, 11-15 орындар көк, 16-20 орындар жасыл, 21-25 орындарды сары түске боялған.

Осындай талдаудың негізінде Шанхай (Қытай), Сингапур, Гонконг (Қытай), Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада және Жаңа Зеландия елдерінің оқушылары тұрақты түрде жоғары нәтижелер көрсететіні анықталды. Ал бұл елдер экономикасы қарқынды дамып отырған елдер екенін сіздер жақсы білесіздер.

Өздеріңіз байқап отырғандай, бұлардың ішінде алпауыт елдер жоқ. Мысалы PISA зерттеулері бойынша Германия 12-21 орындарды, Ұлыбритания 17-28 орындарды, Франция 16-26 орындарды, АҚШ 18-36 орындарды, Ресей 32-43 орындарды иеленген.

Қазақстан 49-63 орындарды иеленді. Қазақстанның 15 жастағы оқушыларының оқу, математика және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша алған бағдары Экономикалық серіктестік және даму одағы елдерінің орташа көрсеткіштерінен көп төмен екенін өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Біз осы жұлдегер елдердің білім беру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ететін факторларды анықтадық. Ол факторлардың ең негізгілері:

- өздерінің дәстүрлі мәдениетін, дәстүрлі құндылықтары мен бағдарын сақтауға бағытталған білім беру саясатын жүргізу;

- шығармашыл, бірегей ойлайтын, үйлесімді дамыған және рухани бай жеке адамды тәрбиелеу әрі оқыту.

Жалпы білім беру саласындағы көшбасшы елдер ұлттың рухани мұрасын сақтай және көбейте алатын, ұлттық басымдылықтарды анықтай алатын, шығармашыл және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі.

Бұл жастарға ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беріп отырған елдердің адами капитал деңгейі жоғары болатынын, ал адами капиталы жоғары елдердің экономикасы да қарқынды дамитынын дәлелдейді.

Соңғы жылдары Аспан асты елі Қытайда оқушыларға тәрбие беру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. "Сучжи цзяюй", яғни «тұлға қасиеттерін көтеру мақсатындағы тәрбие» термині бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, педагогикалық, ғылыми және қоғамдық-саяси басылымдарда да жиі айтылатын болды. Себебі ол қытайда білім беру саласында жүргізіліп отырған «қытай ұлтының сапасын көтеру» реформасына үндес келеді, оның шынайы мақсатын білдіреді.

Қытайлықтардың өзіндік әдет-ғұрпына сәйкес, «адам (тұлға) – отбасы, әулет, қоғам, ұлт сияқты үлкен қауымдастықтардың кішкене бөлшегі, сондықтан алдымен оны тәрбиелеу және оқыту керек» деген сана қалыптасқан. Қытайлықтарды әлем халықтары ең тәртіпті халық қатарына қосады. «Халықты басқару керек, табыстың көзі осында» – деп, Дэн Сяопин өзінің реформасын бастамас бұрын, елді тиімді басқару тетіктерін жасап, оны іске асыра білді. Оның осы идеясы мақұлданып, оны халықтың көпшілігі қолдады. Бұл идея халықтың патриоттық сезімінің, тәртіптілігінің, еңбек сүйгіштігінің және жұмысшылдығының дамуына ықпал етті, халықтың



дың күнделікті өмірінде кездесіп тұратын кездейсоқ факторлардың әсерін де ескереді. Мысалы, интернеттің әсері. Мұғалім ондағы бағдарламалардың балаларға әсерін анық болжап, оларды бейтараптандыру немесе олардың тәрбиелік мәнін күшейту қажеттігін бағдарлап, қажетті қорытын- олардың тәрбиелік мәнін күшейту қажеттігін бағдарлап, қажетті қорытын- олардың тәрбиелік мәнін күшейту қажеттігін бағдарлап, қажетті қорытын-

дылар жасап, балаларға түсіндіре білулері керек.

Жапонияның өнегелік тәрбие жүйесі өзекті педагогикалық мәселелерді

шешуге бағытталған біртұтас, көпдеңгейлік жүйе болып табылады.

Жалпы, жапондық үздіксіз білім беру жүйесі жапон қоғамының рухани- адамгершілік құндылықтарын көрсететін негізгі 3 өмірлік ұстанымды насихаттайды:

1) ойланаып үйрен, өз бетіңмен шешім қабылда, проблемаларды шешудің

ең жақсы жолдарын ізде және тап;

2) едемілікті түсін, өзінде сұлулық сезімін тәрбиеле, жаның сұлу болсын,

мейірімді бол, ауыштылық білдіре біл;

3) дөнің сау, тәзімді, күшті бол.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы Қазақстан Республикасымен «Қазақстан Республикасында білім беруді 1 наурыздағы Жарлығымен 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» бекітілгенін сіздер жақсы білесіздер. Осы Бағдарлама- ның міндеттерінде: «мектеп оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру» – қажеттігі жазылған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында

(27.01.2012 ж.): «Оқыту үдерісінің тәрбиелік компонентін ұлғайту маңызды.

Патриотизм, өнеге және адамгершілік нормалар, ұлтаралық келісім мен

толеранттық, дене және рухани даму, заңға бағыну – бұл құндылықтарды

барлық оқу орындарда қалыптастыру керек», – деп атап көрсетті.

Ұлы ойшыл Мишель Монтень: «Ең үлкен қателік – балаларымызға жан- дүниесіндегі болып жатқан жайлардан бұрынырақ жұлдыздар туралы

ғылымды оқытатынымыз», – деген еді.

Император Мэйдзи: «Адамдар, алдымен, өз бойында руханилықты

тәрбиелеп, адамгершілік қағидаларын ұстануы керек, содан кейін өздерінің

қабілетіне сәйкес әртүрлі пәндерді игеруіне болады», - деп жазды.

Қазіргі уақытта елімізде білім беру жүйесінде білім беру жетістіктеріне

қол жеткізуге, яғни емтихан тапсырып, жақсы баға алуға ерекше ден

қойылады. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беруге жеткілікті көңіл

бөлінбей отыр.

Қазақстанда, тарихи тұрғыда, білім беру идеялары қашан да берік

рухани-адамгершілік бағдарларға сүйеніп келген. Қазақтардың өзіндік

рухани философиясы туған жеріне деген сүйіспеншілікке, даналыққа, ата-

анаға қамқорлыққа, төзімділікке толы болған. Бірақ, өкінішке қарай,

объективті әрі субъективті себептерден біздің көптеген құндылықтарымыз

жоғалып, ұмыт болды және идеологияланды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық

көпшілігінің күш-қуатын жасампаздыққа бағыттады. Сондықтан қытайлық- тардың ішінде ХХІ ғасырда әлемдік өркениетте Қытайдың кеменгерлік рөл атқаратынына сенімділік сезімі терең орнығып, басымдыққа ие болып отыр.

Таңғы шық өлі Кореяда отбасылық және қоғамдық қатынастарды қалыптастыру конфуцияның этикалық нормаларына негізделген. Бала тәрбиелеудегі басты мақсат: оларды өз ата-аналарын, әсіресе, әкелерін,

шынайы құрметтеуге және шексіз сыйлауға үйрету. Конфуцияның этикалық

нормаларына сәйкес ата-аналарды құрметтеу өнегелік категориясына

жатады, оған ата-аналардың ерікіне мойын ұсыну, оларды сыйлау және

қастерлеу, ұлы ретінде өз қарызын орындау және жұбаныш сезімінің болуы

кіреді.

Корей халқына еңбексүйгіштік, қонақжайлылық, кең пейілділік, шынайы-

лылық және сыпайылық қасиеттер тән. Конфуция философиясында

«сын ису» деген ұғым бар, ол адамдар арасында сенім, шынайылық

пен ризашылық сезімдердің болуын және олардың маңыздылығын

айқындайды және оны насихаттайды.

Корей халқының тәрбие жүйесі адамдардың бойындағы ұлттық-

психологиялық қасиеттерді дамытуға бағытталған. Қоғамдық өмірдің

дамуына байланысты жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудің

этикалық мұраларын зерттеу аса маңызды проблемалар қатарына

жатады. Тәрбие дәстүрін жинақтау, сақтау және сабақтастықты іске асыру,

оларды жас ұрпаққа беру, байыту және болашақ ұрпақтарға сақтауға

ерекше көңіл бөлінеді.

**Күншығыс өлі Жапонның** білім беру жүйесі ежелгі жапондық,

классикалық шығыстық және батыстық дүниетанымдық, этикалық және

мінез-құлық ұстанымдарының жинақталған нәтижесі болып табылады.

Тәрбие жұмысына мектептің барлық оқу-тәрбие процесі бағындырылған.

Өнегелік тәрбие бағдарламасы оқушылардың әрбір жас санаттарына

(категорияларына) өнегелік тәрбие берудің мақсаттары, міндеттері мен

құралдары анықталған кешендік бағдарлама болып табылады. Мектеп-

терде баларға өнегелік тәрбие берудің мақсаты: олардың қоғамда

абыройлы өмір сүрулері үшін қажетті өнегелік құндылықтарды түсініп және

оларды қабылдауларына көмек көрсету. Ұстаздар өз тәрбиелеушілерінің

моральдық сипатына жауап береді, себебі тәрбие мектептің негізгі міндеті

болып саналады. Өнегелік сабақтар өнегелік тәрбие беруде аса маңызды

рөл атқарады.

Мектептің тәрбие жұмысы отбасымен, қоғамдық ортамен және кеші

мектептермен өзара байланыс негізінде жүргізіледі. Осы мақсатта мектеп-

тердің жанынан қамқоршылар мен жергілікті тұрғындардың қатысуымен,

өнегелік тәрбие беруге қолдау көрсету мақсатында арнайы кеңестер

құрылған. Бірлескен көптеген ісшаралар өткізіледі. Мысалы, балалар

үлкендердің үлгісінде өнегелік мінез-құлықтан тәжірибелік сабақтар алады.

Өнегелік тәрбие бере отырып, мектеп жоспарланбаған, бірақ оқушылар-



жан-жақты ашып, бай тілдік деректерді қамтитын, этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті тілдің елтанымдық қызметін айқын-дайтын зерттеулерді дамытуды қажет етеді.

Осыған орай, біріншіден, ұлттық рухты жаңғыртып, ұлттық мәдениетті тану мен танытуда соның бір жолы тіл арқылы рухани-мәдени мұрамызды ежелден келе жатқан тәжірибе негізінде қорытып, тарихи қызметін саралап, қайта бағалауға бағытталған кең арналы да терең зерттеулердің қажеттілігі туындап отыр. Мысалы, кез келген этномәдени атау белгілі бір затты атап қана қоймай, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігіне сай туындаған бұйымды дәйектейді. Себебі сол кездердің мазмұнында айшықталған халықтың басынан көшкен тарихы, бүкіл рухани және дүниәуи мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы мен едет-ғұрпы, салт-санасы және т.б. ұлттық ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Бірақ сөз – заттың тура танбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның немесе белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі.

Сонымен бірге тілімізде ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын ғасырлар бойы ата-бабаларымыз ұлттық тәрбиенің мұраты ретінде дәріптеп, белгілеген, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қастерлі ұғымдар бар. Тілдік қазынамызда олар сан түрлі тілдік құралдарымен айшықталған. Олардың мәніне тереңдеп, табиғатын тану, қазіргі қоғамдық сана мен мәдениеттің бүгінгі деңгейіне сабақтас мәдени семантикасын анықтаудың “кілті” олардың “тілдік бейнесінде”, “тілдік өлемінде”, лингвомәдениеттанудың енісінде.

Ал лингвомәдениеттанудың негізі міндеті – дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен сөз мазмұнындағы мәдени мәнділіктерді айқындау, оларды тілдік өрі мәдени субъектінің когнитивтік санасымен тығыз байланыста қарастыру. Осы тектес антрополилингвистикалық бағыттағы зерттеулердің өзектілігін мән *дүние бейнесі ~ тіл ~ мәдениеттің* өзара күрделі байланысын біртұтастықта қарастыру арқылы айқындалады. Солардың ішінде тілдің ұлттық тәжірибесі тек сипаттап қоймай, сөз қазынасы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі де маңызды.

**Екіншіден**, осыған сәйкес білім беру жүйесінде ұлт болмысының өзегін құрайтын тілді меңгеру мен оқытудың мазмұнын тереңдету, соған сәйкес ғылыми-әдіснамалық тұғырын да жетілдіруді қажет етеді. Себебі қазіргі жаһандану үдерісінің кеңістігінде «Ұлы Дала Елі» идеясын жүзеге асырудағы ұлттық тәрбие үдерісінде ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін таныту ісі – аса өзекті. Бұл орайда, әрине, жас ұрпақ тәрбиесінің мазмұны ұлттық оқшаулануға ұшырамай, төл мәдениетті кемел етуге отырып, адамзаттық мәдениет үлгілерінен де нәр алып толығуына ерекше мән берілуі тиіс. Яғни бұл арада білім жүйесінің оқыту бағдарламаларының арқауын тек аялық білім ғана емес, адамтанымдық біліктілік қорын қалыптастыру мақсаты да айқындалуы тиіс.

патриоттық идеясын іске асыру мақсатында балаларды тәрбиелеуде және оқытуда ғасырлық тарихи бар дәстүрлі қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізгі идеялары мен құндылықтарын қалпына келтіріп, кеңінен пайдалануымыз керек.

Жеке тұлғаға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру үшін:

1) "білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын, патриоттық қасиеттері мен зияткерлігін қалыптастыруға әсер ететін компоненттерді енгізу;

2) мектептегі оқу едобиеттерінде рухани-адамгершілік құндылықтарды, патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға және шығармашыл, ой қабілеті зор, рухани бай жеке тұлғаны дамытуға бағытталған материалдарды қамту;

3) оқушылардың тәрбиелілігінің көрсеткіштерін стандарттар мен оқу бағдарламаларында жазылған күтілетін нәтижелерде көрсету;

4) тәрбиелеу үдерісінің тиімділігін және жеке тұлғаның тәрбиелілік деңгейін бағалау критерийлерін әзірлеу;

5) балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде отбасы, бала-бақша, мектеп арасында тығыз байланыс орнату, ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру және бірлесіп отырып тәрбие жұмыстарын жүргізу жүйесін жетілдіру;

6) дарынды, талантты балаларды анықтау, оларды қолдау, барлық сыныптарда сабақта және сабақтан тыс уақыттарда кәсіпке бағдарлау жұмыстарын жүргізу қажет.

Білім беру жүйесі өскелең ұрпақ бойында:

- ата-анасын сыйлау, Отанын сүю, мәдениет пен тарихты білу және дамыту;

- ел бірлігін, толеранттықты және халықтар достығын сақтау;

- рухани бай, еңбексүйгіш, денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау;

- қазақ және шетел тілдерін игеру, сапалы білім алу үшін қажетті құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы керек деп есептейміз.

**Ж.А. Манкеева**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Лексикология бөлімінің меңгерушісі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

### **Қазақ лингвомәдениеттануының дамуы мен «Ұлы Дала Елі» идеясын жүзеге асырудағы ұлттық тәрбиенің мәні**

«Ұлы Дала Елі» идеясының ұлттық белгілерінің тілдік бейнесін тәрбиеге ұластырып, жүзеге асыру – қазіргі егеменді қазақ мемлекетінің дүниежүзілік аренадағы саяси, экономикалық, мәдениетаралық коммуникациядағы сұранысына сай мүдделі талап. Бұл жағдай ұлттық мәдениеттің қырларын